

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Ж. Б. Болатбекова, А. М. Картаева**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ НҰСҚАСЫН ҚАЗАҚТІЛДІ ЕМЕС МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Ағылшын тілін оқыту барысында әдебиеттің мәдениет, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді игеру жолында алатын орны ерекше. Осы орайда, қазақ әдебиетінің баға жетпес қазынасы болып табылатын Абайдың қарасөздері – оқушылардың қабылдау, пікір алмасу, пайымдау мен сыни ойлауын арттырудағы таптырмас құрал. Оқытудың тиімді жүзеге асуы үшін арнайы әдістерді қолдану аса маңызды. Кез келген шет тілін оқытуда әдебиеттерді қолданудағы белсенді тәсілдердің негізі ретінде синквейн әдісі қолданылады. Ол ақпаратты жинақтау, күрделі идеяларды, сезімдер мен ой түйіндерін аз сөзбен білдіру қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Мақалада халқымыздың ұлы ойшылы, философ, ақын Абай Құнанбайұлының қарасөздерінің ағылшын тіліндегі нұсқасын қазақтілді емес мектептерде оқытуда синквейн әдісін қолданудың тиімділігі қарастырылады.

Кілтті сөздер: ақын, философ, аудармашы, қарасөз, әдебиет, синквейн әдісі, оқыту.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абайдың 175 жылдығына арналған «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады», – деп атап көрсетеді [1]. Сонымен қатар, еліміздің президенті ұлы дана Абайдың ел тарихында алатын ерекше орнын, өскелең ұрпаққа қалдырған ақыл-өсиетінің құндылығын, тек өз елі үшін ғана емес, бүкіл адамзат үшін мол мұрасының байлығы мен маңыздылығын атап өтіп,

ақынның еңбектерінің рухани дамуымыздың негізіне айналуы қажеттігін білдірді.

«Абайдың ұлылығы халық поэзиясының образ әлеміне терең еніп, өмір, махаббат, өлім ұғымдарына ғарыштық мағына беруінде жатыр», – деп Роллан Сейсенбаев, аса құрметпен Абайдың 150 жылдығына арнап, ақынның поэзия тілі, болмысы, ойы мен келер ұрпаққа қалдырған өсиеті жайлы пікір білдірген болатын [2].

Әлемдік руханиятқа әр ұлтты танытатын алыптар болды. Сол алыптардың бірі – Абай. Абай – әлемдік дара тұлға, қазақ халқының маңдайына біткен кемеңгер дана, классик ақын, әлемдік ойдың иесі. Ол өз халқының мұң-мұқтажын, мәдениетін, қоғамдық-философиялық ойларын жаңа сапаға көтерді. Абай мұрасы адам тіршілігінің сан-саласын камтып, қазақ халқының өткені мен бүгінін, болашағын ұштастырған өміршеңдігімен, мәңгілік өзектілігімен қымбат.

Абай А. С. Пушкинді, И. С. Тургенев, Н. В. Гоголь, М. Ю. Лермонтов, Ф. М. Достоевский, М. Е. Салтыков-Щедрин, Л. Н. Толстой, В. Г. Белинский, Писарев, Н. А. Некрасов сынды жазушыларды зерттеді. Оның жазбаларында Гомер, Сократ, Софокл, Аристодим, Жанна Д, Арк, Бабур есімдері кездеседі. Оның қазақ тіліне аудармаларының арасында И. Буниннің, А. Дельвигтің, И.Полонскийдің өлеңдері бар.

Лермонтовтың аудармалары арқылы Абай тағы бір ұлы неміс ақыны және ойшылы Иоганн Вольфганг Гетенің шығармашылығымен танысты, Абай Гетенің ең жақсы лирикалық өлеңдерінің бірі «Ночная песнь странника» өлеңін қазақ тіліне аударды. Лермонтовтың аудармасындағы бұл өлең шебер суреттелген пейзаж лирикасының үлгісі деуге болады. «Горные вершины спят во тьме ночной, Тихие долины полны свежей мглой (Қаранғы түнде тау қалғып) [3, 198–203]. Мәтіндерді аударып қана қоймай, Абай сол өлеңдерге әуен шығарған.

Абайдың өлеңдері, қарасөздері – даналыққа, ақыл мен кеңеске толы. Ақынның артынан қалған мұрасы сан ұрпаққа рухани қазына болып қалды. Абай қарасөздерінде сол замандағы қоғам мәселелерін, өмірге қатысты философиялық ойларын түйіндеп, білім сауаттылығы мен адамгершілік қасиеттер жайлы ақыл-кеңес беріп, болашақ ұрпақтың келер заманына алаңдайды, білімге, оқуға, даналыққа шақырады. Ақынның қарасөздері қазіргі уақытта көптеген тілдерге аударылуда. Қарасөздер ең алғаш орыс тіліне, кейіннен ағылшын тіліне аударылды. Соңғы уақытта жапон, поляк, болгар, қытай, неміс, кәріс және моңғол тілдеріне аударыла бастады. Ақын өлеңдерін орыс тіліне аударған Юрий Кузнецов болса, ағылшын тіліне аударған Ричард Маккейн болды.

Зерттеудің нысаны: Абайдың қарасөздерінің ағылшын тіліндегі нұсқасын қазақтілді емес мектептерде оқыту

Зерттеудің пәні: Абай қарасөздерінің ағылшын тіліндегі нұсқасы

Мақсаты: Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай елімізде ұлы ойшылдың шығармаларын жастарды даналыққа, білім мен ғылым жолына бағыт-бағдар беру арқылы оқыту жолына арнайы жағдайлар жасалуы қажет.

Міндеттері:

Абайдың шығармаларының ағылшын тіліне аударылған нұсқаларына шолу жасау;

Қарасөздің ағылшын тіліндегі нұсқасын оқытуға мүмкіндік беретін әдістің тиімділігін анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Абайдың педагогикалық көзқарасына қатысты жинақталған материалдарды, оны оқыту үрдісіне байланысты жалпы мынадай екі бағытта қарастыруға болады [4, 3]:

1 Абай мұрасын мектептерде оқытуды қайтадан құру, сондай-ақ, оқу бағдарламалары мен оқулықтардағы мәліметтерді қазіргі заманғы талаптарға сай жаңғырту;

2 Жас өскіндерді Абай мұрасымен таныстыруды балабақшадан бастап жоғары оқу орындарына дейін ұйымдастыру.

Алдымен, мектеп оқушыларының жас және жеке ерекшеліктері ескеріліп, ақын мұраларынан ең тиімділері (сағат санына байланысты шектелуге тура келеді) таңдап алынуының критерийлері педагогиканың төмендегідей қағидаларына сүйене отырып анықталуы тиіс [4, 4]:

1 Әрбір сынып оқушыларының ұғымдары, түсініктері мен өмір тәжірибелерін ескеруі;

2 Оқушылардың жан дүниесіне әсер ететіндей, сезімін қозғап, ақылына ақыл қосатындай, терең мазмұнымен байытатындай болуы;

3 Алынған шығарма оқушылардың күнделікті өміріне пайдалы, кейбір қасиеттерін дамытатындай мазмұнды болуы қажет;

4 Таңдап алынған шығармалардың, оқушының өзін басқаларды, қоршаған ортаны танып білуі және олармен қарым-қатынасын реттейтіндей практикалық мәнді ескеруі.

Оқыту барысының нәтижелі болуы таңдап алынған әдістер мен тәсілдерге тәуелді болады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай қарасөздерінің ағылшын тіліндегі нұсқасын қазақтілді емес мектептерде синквейн әдісі арқылы оқытуды басшылыққа алдық.

Cinquain /'sɪŋkəɪn/ – 5 жолды өрнекті қолданатын поэтикалық формалар класы [5]. Синквейн – ақпаратты талдау мен синтездеу нәтижесінде

туындайтын ерекше өлең, ақпаратты жинақтауға, күрделі идеяларды, сезімдер мен көзқарастарды аз сөзбен білдіру қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін әдіс, рефлексияның жылдам әрі күшті құралы [6].

Аделаида Крэпси бірінші болып «Cinquain» вариациясын жасады. Синквейнның пайда болған кезінен бастап оның көптеген өзгерістері болды, оны толық түсіну үшін мысалдармен бірге ең танымал екі форманың сипаттамаларын қарастырсақ болады [7].

Cinquain № 1 формасы – дидактикалық Cinquain.

Бұл қарапайымдылығымен өте танымал формасы. Ол стресс пен буындарды қосудың орнына сөздерді қолданады (Кесте 1) :

Бірінші жол өлеңнің тақырыбы болып табылатын бір сөз.

Екінші жолда тақырыпты сипаттайтын сын есім болып табылатын екі сөз бар.

Үшінші жолда оқырманға өлең тақырыбы туралы көбірек айтатын немесе іс-әрекетті көрсететін үш сөз бар. Бұл сөздер «-ing» жалғауымен аяқталатын ағылшын тілінің герундийлері, яғни етістіктің алғашқы формалары.

Төртінші жолда өлең тақырыбына қатысты эмоцияны көрсететін төрт сөз бар және олар жеке сөздер немесе сөз тіркестері болуы мүмкін.

Бесінші жол – тақырыптың синонимі болып табылатын немесе оған өте ұқсас бір сөз.

Кесте 1

Күпия	Mystery
Тылсым, қызықты	Intriguing, interesting
Жасыру, анықтау, ашу	Hiding, finding, opening
Танданыс, қобалжу, күту, қорқыныш	To be surprised, worry, to be waiting for something, fear
Секрет	Secret

Cinquain № 2 формасы

Бұл форма бірінші формадан сәл өзгеше, өйткені төртінші жол – толық сөйлем және төрт сөзден артық болуы мүмкін (Кесте 2):

Бірінші жол – бір сөз.

Екінші жолда екі сын есім бар.

Үшінші жолда 3 етістіктің бастапқы формасы.

Төртінші жолда толық сөйлем құрайтын төрт немесе одан да көп сөздер бар.

Бесінші жол – бір сөз.

Кесте 2

Махаббат	Love
Шынайы, таза	Real, pure
Сезу, қиялдау, сену	To feel, to dream, to believe
Ол өмірге мән береді	It is the meaning of life
Күш	Power

Абайдың барлық сөздері өмірдің нақты жағдайларында қолданылады. Бұл сөздер ұлттардың рухани мұраларын қамтиды және дамудың алғашқы кезеңінен бастап барлығымен бірге жүреді. Абай қарасөздерінде өмірдің терең мағынасы берілген. Қарасөздерді «Cinquain-ге» жинау оқытушылар мен студенттер үшін құнды және қолайлы материал, себебі оқушылар әр бөлімнің тақырыбымен, етістіктермен, зат есімдермен, сын есімдермен және дәйексөзбен танысады. Сонымен қатар, студенттер кейбір маңызды сөздерді өмірлік жағдайларда қолдануға үйренеді, дәл сөйлей алады және еркін сөйлей бастайды, сөздік қоры байи түседі. «Cinquain» әдісін зерттеп, талдай отырып, Тусипбекова М. Ж., Идрисова М. А. және Смагулова Б. Г. қарасөз кітабын төмендегідей етіп құрастырады:

Бірінші жол – бір сөз, тақырып.

Екінші жолда мәтіннен бес етістік алынады.

Үшінші жолда оқырманға тақырыбы туралы көбірек хабар беретін бес зат есім беріледі.

Төртінші жолда мәтінге эмоцияны көрсететін бес сын есім болады.

Бесінші жол – мәтіндегі негізгі дәйексөз [8].

Осы әдісті негізге ала отырып, Абайдың 1-ші қарасөздерін талдап көрдік. Нәтижесінде, төмендегідей синквейндер шықты.

Кесте 3

I қарасөз	Word 1
<p>Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтпегір өмірімізді өткіздік, айтыстық, тартыстық - әуешіләреқажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызың, байлаусызың көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткізіміз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.</p>	<p>Whether for good or ill, I have lived my life, traveling a long road fraught with struggles and quarrels, disputes and arguments, suffering and anxiety, and reached these advanced years to find myself at the end of my tether, tired of everything. I have realized the vanity and futility of my labors and the meanness of my existence. What shall I occupy myself with now and how shall I live out the rest of my days? I am puzzled that I can find no answer to this question.</p>
<p>Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді ҚУДАЙ сақтасын!</p>	<p>Rule the people? No, the people are ungovernable. Let this burden be shouldered by someone who is willing to contract an incurable malady, or else by an ardent youth with a burning heart. But may Allah spare me this load which is beyond my powers!</p>
<p>Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғың, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.</p>	<p>Shall I multiply the herds? No, I cannot do that. Let the young folk raise livestock if they need them. But I shall not darken the evening of my days by tending livestock to give joy to rogues, thieves and spongers.</p>
<p>Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгенінді кімге үйретерсің, білмегенінді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік.</p>	<p>Occupy myself with learning? But how shall I engage in scholarship when I have no one to exchange an intelligent word with? And then to whom shall I pass on the knowledge I will have amassed? Whom shall I ask what I do not know myself? What's the good of sitting on a desolate steppe with an arshin in hand trying to sell cloth? Too much knowledge becomes gall and wormwood that hastens old age if you have no one by your side to share your joys and sorrows.</p>
<p>Соғылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған соғылық?</p>	<p>Choose the path of the Sufi and dedicate myself to the service of religion? No, I'm afraid that won't do either. This vocation calls for serenity and complete peace of mind. But I have not known peace either in my soul or in my life—and what sort of piety can there be amongst these people, in this land!</p>
<p>Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнсіні де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпен керерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.</p>	<p>Educate children, maybe? No, this, too, is beyond my powers. I could instruct children, true, but I don't know what I should teach them and how. For what occupation, for what purpose and for what kind of community am I to educate them? How can I instruct them and direct their paths if I don't see where my pupils could usefully apply their learning? And so here, too, I have been unable to put myself to any good use.</p>
<p>Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, кереті жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.</p>	<p>Well, I have decided at length: henceforth, pen and paper shall be my only solace, and I shall set down my thoughts. Should anyone find something useful here, let him copy it down or memorise it. And if no one has any need of my words, they will remain with me anyway. And now I have no other concern than that.</p>

Кесте 4

<p>Өмірге қатысты ой-түйін Өткізу, бағу, ойлау, жазу, табу Сұрақтар, мал, ғылым, бала, қалам мен қағаз Жақсы, жамаң, елсіз-күнсіз, көңілсіз, керекті Ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын</p>	<p>Life predictions To rule, to multiply, to study, to pray, to teach Questions, children, science, cattle, sheet and a pen, Good, bad, young, useful, ungovernable Henceforth, pen and paper shall be my only solace, and I shall set down my thoughts.</p>
--	--

Оқыту процесінде синквейн әдісін қолдану оқушылардың сыни ойлауын, оқыған тақырыптың негізгі мәселелерін тез әрі нақты анықтауға өте ыңғайлы әрі түсінікті жағдай жасайды. Синквейннің көмегімен оқу, жазу, сөйлеу, тіпті тыңдау дағдыларын да қалыптастыруға әбден болады. Топтарға бөлу арқылы оқушылардың ұйымшылдығын арттып, аз уақыт көлемінде көп мағлұмат алмасуға мүмкіндік алуға болады. Сондықтан, синквейн әдісінің әдебиетті, тілді оқытуда беретін мүмкіндіктері орасан зор деп ойлаймыз.

Қорытынды

Абайдың қарасөздерінің ағылшын тіліндегі нұсқасы қазақтілді емес мектеп оқушыларының сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау қабілеттерін дамытуда үлкен маңызға ие. Абай шығармашылығының «синквейні» оқушылар мен оқытушыларға сөйлеу және оқу дағдыларын дамыту үшін оқуға дейінгі тапсырма бола алады. Қарасөз кітабы туралы біраз ақпарат алғаннан кейін білім алушылар жеке, жұптық немесе топтық жұмыс жасай алады, мәліметті талқылау жұмысын жүргізіп, өз пікірлерімен бөліседі. Синквейн әдісі оқушыларды Абай шығармашылығы туралы қиялын жандандыру, сондай-ақ, өздері үшін тарихи жаңа құнды мәліметтер табу арқылы ынталандырады. Абайдың қарасөздерін ағылшын тілінде оқытудың 4 негізгі артықшылығы анықталды: ол құнды түпнұсқа материал, оқушыны мәдени байытады, тілін байытады және оқушының жеке өзіндік жұмысы болып табылады.

Абайдың қарасөздері оқушыларды тәрбиелеп, өмірдің қиыншылықтары мен қиындықтарына төттеп беруге көмектеседі. Оқушылар кейіпкерлердің проблемаларына жақын екенін сезініп, эмоционалдық жауаптарымен және моральдық мәселелерімен бөліскенде ынта-ықыласы артады.

Қорыта келе, ағылшын тілін оқытуда Абай қарасөздерін қолдану оқушылардың өмір мен адамдар туралы дүниетанымын кеңейтеді; шынайы материалды оқуға деген ынталарын арттырады; сыни тұрғыдан ойлауға ықпал етеді; ақпарат алу, проблемаларды анықтау және баламаларды тұжырымдау дағдыларын игеруге көмектеседі; таныс контекст ұсыну және өзін-өзі түсінуге ықпал етеді.

Пайдаланған деректер тізімі

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы. [Электронный ресурс]. – <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>.

2 **Абай**. «Қара сөз». «Книга слов». «Book of words». [Текст]. – Международный клуб Абая, 2009 ж. – 338 б.

3 **Рахимова, М. С.** Роль Абая Кунанбаева в установлении и развитии связей между русской, казахской и мировой поэзией. [Текст] // Материалы on-line семинара-совещания «Духовно-нравственное наследия Абая – основа патриотического и гражданского воспитания обучающихся». – Алматы, 2020. – 408 б.

4 **Халитова, И. Р.** Абай (Ибраһим) Құнанбаев мұрасын оқу тәрбие үрдісіне ендіру тұжырымдамасы [Текст] // Материалы on-line семинара-совещания «Духовно-нравственное наследия Абая – основа патриотического и гражданского воспитания обучающихся». – Алматы, 2020. – 408 с.

5 Cinquain method [Электронный ресурс]. – <https://en.wikipedia.org/wiki/Cinquain>

6 **Мордвинова, Т. В.** Синквейн на уроке литературы. – [Электронный ресурс]. – <https://urok.1sept.ru/articles/518752>

7 Cinquain Examples and Poem Format. [Электронный ресурс]. – <https://examples.yourdictionary.com/cinquain-examples.html>.

8 **Tussupbekova, M. Zh., Idrissova, M. A., Smagulova, B. G.** Benefits And Importance Of Using The Book Of Words By Abai Kunanbayev To English Teaching In Kazakhstani Universities // IJABER, Vol. 14, No. 15 (2016) 10687-10704.

9 **Ғалиева, Ә.** Абайдың қарасөздеріндегі «ақыл» концептісі. – Известия НАН РК, Серия филологическая, № 2. – 4 с.

10 **Сыздық, Р.** Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы : Арыс, 2004, 616 б.

References

1 Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyn «Abai jáne ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [Article of the head of state Kassym-Jomart Tokayev «Abay and Kazakhstan in the ХХІ century»]. [Electronic resource]. – <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy>.

2 **Abai**. «Book of words». Abay International Club, 2009. – 338 p.

2 **Abai**. «Qara sóz». «Kniga slov». «Book of words». [Text]. – Mejdunarodnyi klub Abaya [Abai International Club], 2009 y. – 338 p.

3 **Rahimova, M. S.** Rol' Abaya Kunanbaeva v ustanovlenii i razvitii svyazei mejdru russkoi, kazahskoi i mirovoi poezii [Rakhimov M. S. The role of Abai Kunanbayev in the establishment and development of ties between Russian, Kazakh and world poetry] [Text] // Materialy on-line seminara-soveschaniya «Duhovno-nravstvennoe nasledie Abaya – osnova patrioticheskogo i grajdanskogo vospitaniya obuchaiushchih» [Abai's spiritual and moral heritage as the basis of patriotic and civic education of students on-line seminar-consultation materials], Almaty, 2020. – 408 p.

4 **Halitova, I. R.** Abai (Ibrahim) Qunanbaev murasyn oqý tárbie úrdisine endirý tujyrymdamasy. [Khalitova I. R. The concept of introducing the legacy of Abai (Ibrahim) Kunanbayev in the educational process] [Text] // Materialy on-line seminara-soveschaniya «Duhovno-nravstvennoe nasledie Abaya – osnova patrioticheskogo i grajdanskogo vospitaniya obuchaiushchih» [Abai's spiritual and moral heritage as a basis for patriotic and civic education of students on-line seminar-consultation materials]. – 408 p.

5 Cinquain method – [Electronic resource]. – [Https://en.wikipedia.org/wiki/Cinquain](https://en.wikipedia.org/wiki/Cinquain)

6 **Mordvinova T. V.** Sinkvein na uroke literatury [Cinquain at the lesson of literature] – [Electronic resource]. – <https://urok.1sept.ru/articles/518752>.

7 Cinquain Examples and Poem Format [Electronic resource]. – <https://examples.yourdictionary.com/cinquain-examples.html>

8 **Tussupbekova, M. Zh., Idrissova, M. A., Smagulova, B. G.** Benefits And Importance Of Using The Book Of Words By Abai Kunanbayev To English Teaching In Kazakhstani Universities [Text] // The IJABER magazine, Vol. 14, No. 15 (2016) 10687-10704.

9 **Galieva Á.** Abaidyń qarasózderindegi «aqyl» konseptisi. [The concept of «mind» in Abai's book of words]. Bulletin of NAS RK, Philological Series, № 2. – 4 p.

10 **Syzdyq, R.** Abai jáne qazaqtyń ulttyq ádebi tili. [Abai and the Kazakh national literary language]. – Almaty : Arys, 2004. – 616 p.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

Ж. Б. Болатбекова, А. М. Картаева

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ЭФФЕКТИВНЫЙ МЕТОД ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОЙ ВЕРСИИ СЛОВ НАЗИДАНИЙ АБАЯ В НЕКАЗАХСКИХ ЯЗЫКОВЫХ ШКОЛАХ

Литература занимает особое место в преподавании английского языка в развитии культуры, обычаев и традиций. «Книга слов» Абая, бесценное сокровище казахской литературы, которое является незаменимым инструментом для повышения восприятия, обмена идеями, рассуждений и критического мышления школьников. Основой любого эффективного обучения является использование специальных методов преподавания. В данном случае, метод синквейна рассматривался как пример активного исследовательского метода использования литературы при обучении любому иностранному языку. Он позволяет собирать информацию и развивать способность выражать сложные идеи, чувства и мысли несколькими словами. В статье рассматривается эффективность использования синквейна при обучении английской версии Книги слов великого мыслителя, философа, поэта Абая Кунанбаева в неказахских школах.

Ключевые слова: поэт, философ, переводчик, слово назидание, литература, метод синквейн, обучение.

Zh. B. Bolatbekova, A. M. Kartayeva
Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk.
Material received on 21.05.21.

EFFECTIVE METHOD OF TEACHING THE ENGLISH VERSION OF ABAI'S «THE BOOK OF WORDS» IN NON-KAZAKH LANGUAGE SCHOOLS

Literature holds a special place in teaching English in the development of culture, customs and traditions. Abai's «The Book of Words» is an invaluable treasure of Kazakh literature, which is an indispensable tool for enhancing perception, exchange of ideas, reasoning and critical thinking of learners. The basis of any effective teaching is the use of specific teaching methods. Hence, cinquain method was considered as an example of an active research method of using literature in teaching any foreign language. It helps to gather information and develop the ability to express complex ideas, feelings and thoughts in a few words. The article discusses the effectiveness

of using cinquain in teaching the English version of the Book of Words of the great thinker, philosopher, poet Abai Kunanbayev in non-Kazakh schools.

Keywords: poet, philosopher, translator, book of words, literature, cinquain method, teaching.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz